

«Нұр Отан» ХДП-нан №11 Гагарин сайлау округі бойынша Екібастұз қалалық мәслихатына депутаттыққа үміткер

## КҮЛӘНДА САҒЫНТАЙҚЫЗЫ СӘКЕНОВА

### Адамдарды тыңдау, адамдар үшін жұмыс істеу!

Күләнда Сағынтайқызы Сәкенова 1960 жылы Екібастұз ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Ата-анасы – ауылдық зиялылар арасынан шыққан адамдар. Бала кезінен дәрігер болуды армандаған Күләнда Сағынтайқызы медицина саласында отыз жылдан астам қызмет етті.

Семей мемлекеттік медициналық институтының емдеу ісі факультетінің түлегі, терапевт дәрігер. Екібастұз қаласында қатардағы қызметкерден бастап денсаулық сақтау ұйымдастырушысына дейін барлық сатыдан өтті. Екібастұз қалалық медициналық бірлестігінде цехтік терапевт дәрігер, Сарықамыс ауылдық дәрігерлік амбулаториясының бас дәрігері, терапевт, аллерголог-пульмонолог,

қалалық денсаулық сақтау бөлімінің бас маманы болып жұмыс істеді. Ұзақ уақыт №2 емхананың бас дәрігері болып қызмет істеді, қазір №3 емхананы басқарады.

«Қала алдында сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл», «Павлодар облысына - 75 жыл» мерейтойлық медальдарымен, көптеген алғыс хаттармен, құрмет грамоталарымен марапатталды.

Тұрмыста, үл бала тәрбиелеп өсірді.

### Құрметті екібастұздықтар!

Сіздердің сенімдеріңіз бен қолдауларыңыздың арқасында мен №11 Гагарин округі бойынша қалалық мәслихаттың Ү шақырылымында депутат болып сайландым. Депутаттық корпустағы жұмыс барлық мәселені билік пен қоғам арасындағы диалог арқылы шешуге болатынына көз жеткізді. Дәл осы депутаттар қарапайым азаматтар

мүддесінің жетекшісі болып табылады. Біздің қалалықтардың өмірін жақсарту көбінесе депутаттық корпусың белсенділігі, қажырлылығы мен жауапкершілігіне байланысты.

Депутат ретінде жұмыс істеу барысында менің қатысуыммен келесі сұрақтар шешімін тапты:

- Строительная көшесі, 52 мекенжайында кварталішілік аумақтарға, Достық аллеясының жаяужолына жөндеу жүргізілді.
- Мәшһүр Жүсіп көшесі, 50-55а, 58/1, 65, Строительная көшесі, 48-50, 70, 78, 79 мекенжайларына балалар ойын алаңшалары орнатылды.
- Өуезов көшесі, 21/1-үйдің лифтісіне ағымдық жөндеу жұмысы жүргізілді.

Өткен сайлауда мен сіздерге орындалмайтын уәде берген жоқпын. Бұл жолы да олай етпеймін. Бүгін мен алдыма мына міндеттерді қоямын:

- Мемлекет басшысының дағдарысқа қарсы стратегиясын іске асыруға белсенді қатысу;
- денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет мекемелерінің материалдық-техникалық базасын ары қарай нығайтуға қол жеткізу;
- медициналық көмектің қолжетімділігі, уақытылы орындалуы мен сапасына бақылау жасау;
- өңірге жоғары білікті жас дәрігерлерді тартуға әрекет ету;
- Строительная көшесі бойынша кварталішілік жолдарды көріктендіру, лифт шаруашылығына жөндеу жүргізу, №11 Гагарин сайлау округін көркейту және көгалдандыру мәселелеріне көмектесу.
- сыбайлас жемқорлық пен лауазымдық құқық бұзушылықпен күрес жүргізу, мемлекеттік бағдарламалар аясында бөлінген бюджеттік қаржыны жұмсау бойынша партиялық бақылау жүргізу;
- өз сайлау округімдегі тұрғындардың заңды құқығы мен мүддесін қорғау;

### Құрметті жерлестер!

Бұл – менің жаңа жоспарларым мен міндеттерімнің бір бөлігі ғана. Тек бірігіп ғана біз әрбір екібастұздықтың лайықты өмірге қол жеткізуіне жәрдемдесе аламыз. Сау болыңыздар, ауырмаңыздар!

20 наурызда сайлауға келіңіздер, сенімді және сыннан өткен үміткерлерге дауыс беріңіздер!

### Сіздердің Күләнда Сәкеноваларыңыз

Республикалық сайлау қорының қаржысы есебінен төленді.  
Шығарылымға жауапты Г.Арқонова.